

поэтов, жил и творил на стыке XVII - XVIII веков. XVII век оказался переломным моментом в судьбе не только уйгурского народа, но и народов Ближнего и Среднего Востока и Центральной Азии. Иранская и Османская империи, являвшиеся самыми сильными государствами того времени и долгие годы сохранявшие свое военно-политическое господство, постепенно стали утрачивать свое могущество. Особенно заметно было это во второй половине XVII века. В результате все усиливающихся национально-освободительных восстаний в колониях и внутренних противоречий эти империи пережили серьезные территориальные потери. Переживало этот социально-политический кризис и Яркендское ханство, игравшее важную роль в политической жизни Азии. Иноплеменные ходжи, заполнившие эту «Мекку»- Кашгар, осложнили и без того сложную обстановку в стране, ожесточилась борьба религиозных течений за влияние и трон, и все это привело к разорению и политическому бесправию многонациональное население некогда свободного ханства и превращению его в колонию завоевателей. Политическая обстановка и изменения, происшедшие в регионе, повлияли и на развитие культуры и литературы населявших его народов. В языке мусульманского населения, традиционно сложившемся в течение многих веков, явственно стали господствовать сперва арабские, а потом и персидские элементы. Это влияние стало сильно чувствоваться и в литературе. Так, в XVII веке поэт Мухаммад Имин Хиркати, знакомый с великими творениями литературы Востока и в совершенстве владевший арабскими персидским языками, творивший в последние годы существования Яркендского ханства, создал множество стихотворных произведений, а также знаменитый лиро-эпический дастан «Мухаббатнаме ва мехнаткам» («Книга любви и труда»), в которых поэт продолжал лучшие традиции письменной литературы Востока. О его жизни и творчестве мы не располагаем никакими сведениями кроме этой его поэмы и стихотворений.

Шабан АЙДОҒДУ,

Сүлеймен Демирел

университетінің оқытушысы

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРЫНДА ЖЕКПЕ-ЖЕК ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘНІ

Эпикалық жырларда батырлардың ерлігінің сыналар бір тұсы ол жекпе-жек. «Батырдың жаумен жекпе жекке шығуын... шамадан тыс ұлғайтып, мейлінше көтермелеп суреттеу белгілі бір дәрежеде қаһармандық эпоста дәстүрге айналған» [1, 76]. Жекпе-жекпен батырлардың күштері,

қайтпастығы, қайсарлығы және өжеттілігі тіпті кейде кешірімділігі /өйткені әбден қызған, ашуға мінген батыр жеңіліс тауып кешірім сұраған жау батырын, қандай кегі болса да, кешіреді/ сыналады. Оның батырлық даңқы осы сайыс арқылы одан сайын күшейе түседі. Бұрынғы кездің соғыс салтында үлкен соғыстың алдында екі жақ батырларын ортаға салып, бірі-бірінен абыройын асыру үшін ең күшті деген батырларын жекпе-жекке шығарған. Жекпе-жектің нәтижесі өте маңызды болған. Себебі, жекпе-жекте өз батыры жеңіске жеткен тараптың рухы көтерілетін болғандықтан, таңдаулы батырларын ортаға шығарып, таразы басының өз жағына аууына бар күшін де, ақылын да салған. Батырлардың жекпе-жекке шыққан кісілері ешқашан жай адамдар болмайды. Жекпе-жекке шыққан жау батыры немесе хан, бегі де сол өз елінің маңдай алды баһадүрі болып келеді.

Жекпе-жек жырда көп жерде болса да, батырдың жау еліне сапарға аттанып, сол сапарының сәтсіздікке ұшырап, батырдың жау қолына тұтқынға түсіп, ұзақ уақыт жау зынданында жатып, ақыры одан босанғаннан кейін еліне қайтардың алдында, көбіне бір өзі жаудың бас батыры мен шешуші жекпе-жекке және қалың қолымен де шайқасқа шығады. Бұл жекпе-жек - қаншама ұзақ уақыт жаудың зынданында жатып қорланған, әбден ызаға толып кектенген батырдың кек қайтарар мезгілі.

Ш.Ыбыраев батырлықты халықтық мұратқа балайды да, осы мәселеге қатысты төмендегідей тұжырым жасайды: «Қаһармандық эпоста идеализацияланған, барлық жағынан жетілдірілген кейіпкер - батырдың өз дәрежесі - батырлық. Бұл хандық, билік сияқты тартып алатын, сайлайтын, әкеден балаға мұра болып қалатын, байлық сияқты сатып алатын дәреже емес, ел қорғаған ерлік, елге сіңірген еңбек арқылы келетін құрметті атақ. Сондықтан да батырлық - барлық әлеуметтік өкілдерге бірдей қаһармандық дәуірдің сынақ көрсеткіші, сынап бағанасы. Хан мен кара, бай мен кедей, бек пен нөкер өзара теңесе алатын биік меже, ерлікпен, маңдай термен келетін халықтық идеал бұл»[1, 218].

Міне, ғайыптан жаратылып, ерекше өсіп, кейін көрсеткен ерлігімен елдің айрықша құрметіне бөленіп, «батыр» атағына ие болған бас кейіпкердің жекпе-жектері жырларда айрықша шабытпен жырланған. Алып Манаш зынданнан шыққаннан кейін өзін ұйықтап жатқан кезінде тұтқынға алып, зынданға тастатқан бас жауы - Ақ Қағанмен тоғыз жыл соғысып, ақыры оны өлтіріп, бар әскерін қырып, үлкен жеңіске жетеді [2, 401].

«Алпамыс» және «Жаныш, Байыш» жырларымен үндесіп келетін «Бозұғлан, Жүсіп һәм Ахмет» жырында жекпе-жек басқаша сипат алған. Жырда сөз өнерінің құдіреті алға шығып, жаудың бас батыры сияқты бас ақыны Көкше шайырды айтыста жеңіп, өнерпаздығының арқасында бастарына бостандық алған бас қаһармандар қайтар жолда жаудың қалың

қолымен соғысып, зор жеңіске қол жеткізеді. Осылай батырлар өнері мен қайрат-күші, қаһармандығы парапар екенін танытады [3, 63-65].

Түркі халықтары эпикалық жырларында батырлардың жаудың зынданынан құтылып, еліне оралардың алдында бас жауымен жекпе-жекке шығып, оны жеңіп кегін қайтаруын бейнелеу дәстүрі біз қарастыратын жырларда да көрініс береді.

«Алпамыста» зынданнан шыққан батыр қаруларын асынып, Тайшық хан тұрған қалаға келеді. Батырдың тұтқыннан босанғанын білген Тайшық хан бірден өзі батырмен бетпе-бет алысуға батылы бармай, жүз мың қалың қол жинап, оларды алдына сапқа тұрғызып, өзі майданға тағын қойғызып, балуандарын батырға қарсы жекпе-жекке шығарады. Қалмақтың батырлары да осал болмайды. Олар да өте күшті ерекше болып келеді. Және жырда олардың күштері сондай ерекше әсірелене суреттеледі. Қалмақтың Таймас деген атақты батыры бірінші болып майданға шығады. Оның күші:

«Қолындағы күрзісі,
Отыз батпан алмас ед.
Қаһарланып сілтесе,
Тау болса да, қалмас ед.
Бірге жасын жасасқан
Тайшық ханмен жолдас ед.
Неше майдан соғыста
Аш қасқырдай тоймас ед.
Ерегіскен дұшпанын
Еңселетпей қоймас ед» [4, 48]

- деп суреттеледі.

«Қобыланды батыр» жырында да батырдың қарсыластарының күштілігі жоғары бағаланады. Осындай дәстүр бойынша Қазанның ерлік сипаты суреттеледі:

«Қара қасқа ат мінген...
Аламанға дем берген,
Азды көпке теңгерген,
Қысқа күнді қырық шапқан...
«Қазақ» десе, оқ атқан,
Қабағына қар қатқан.
Кірпігіне мұз қатқан,
Он екі күнде бір жатқан,
Он үш күнде бір татқан,
О да айтулы ер еді...
Шын қаһарына келгенде
Жауған қардай бораған.»[4,

«Баттал Гази» жырында да батырға қарсы шыққан жаудың Ауыз атты батыры да әсірелене суреттеледі.

«Ол кәпір майданға ерекше бір киіммен шықты,

Ол жаман өте күшті ер еді.

Ол кәпір айбат шегіп атын шапты,

Оның іші ызаға тола, өзі өте паң еді.

Сауыты және киімі,

Атының және өзінің денесі түгел темір еді,

Атының әбзелдері мен қылышының қыны алтыннан еді,

Пұтын да мойнына таққан еді» [5, 24],- деп ерекше күшті болып суреттеледі.

Бас қаһарманның қарсыластарының бұлайша айрықша әсіреленіп суреттелуі - түркі халықтары эпосының барлық үлгілеріне тән дәстүр. Өйткені бұл мотив - халық сүйген қаһарманды мінсіздендіре түсудің ғасырлар сынынан өткен тәсілі. Батырдың қарсыласы қаншама зор болса да, бас кейіпкердің жеңіске жетуі халық арманының көрінісі болып табылады. Соған Алпамыстың да Таймастың басын қылышымен бір-ақ ұрып, ұшырып жібергені дәлел бола алады. Онан кейін Тайшықтың батыр ұлы мен қалмақтың екі батыры да батырмен жекпе-жекке шығып, мерт болады. Осылардың соңғысы, атақты қалмақ батыры Алпамыстан өзіне кезек беруін сұрағанда, батыр: жеті жыл зынданда жатып, көп азап тартқанын және қалмақтардың айлакер екенін айтып, «жеті жыл жатқанның орнына жеті мың қалмақ өлтірмей», кезек бермейтінін айтады да, оны бір шапқанынан қалдырмай өлтіреді.

«Баттал Гази» жырында да Ауыз үш рет Меликке шабуыл жасаса да, одан ешқандай нәтиже шықпайды. Ақыры Мелик ашуланып, Ауызға қылышпен бір-ақ рет шауып, екіге бөліп тастайды. Одан кейін кезектесе жекпе-жекке шыққан жаудың бірнеше батырын да батыр жайратып тастайды.

Осы тұста ескерте кететін жайт: түркі халықтары жырларында әдетте халық батыры бірінші кезекті дұшпанына береді. Сол арқылы жыршы бас қаһарманның өлімнен қорықпайтын ержүректілігін және айрықша мәрттігін паш етеді.

Алпамыс батырға қарсы жекпе-жекке шығуға ешкімнің жүрегі дауаламаған сәтте Тайшық хан әскеріне: «Бәрің жабылыңдар!» - деген бұйрық береді. Батыр қалмақ қалың қолын бір өзі талқандайды. Байырғы түркі жазбаларынан бері /«Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды»[6, 53] үзілмей келе [7, 334] сарыны осы жырда да жалғастық тапқан. Бұл сарын - түркі халықтары эпикалық жырларының барлығына, соның ішінде біз

қарастырып отырған жырларға да тән ерекшелік. Батырдан қорыққан Тайшық хан қалаға қашып барып, қақпаны бекіттіріп қояды.

Батыр қалаға кіретін жаудың әдейі ашық қалдырған бір тесіктен өткенде жаудың құрған торына шырматылады. Батыр тордан асыл тұлпарының және бабаларының көмегі арқасында құтылады.

Енді батыр барлық қалмақпен бір өзі аянбай соғысып, көбісін өлтіргесін, қалғандары қаша бастайды да, батыр ақырында Тайшық ханмен кездесіп, жекпе-жекке шығып, жеңіліп, қашқан қалмақ ханын қуып жетіп өлтіреді. Артынан мыстанды да өлтіріп, одан да кегін алады [4, 48-52].

Осылай Тайшықтың түсінде көрген аянын өңде болған шындыққа айналдырады.

«Қобыландыда» батыр Ноғайлының Қырлы және Сырлы қалаларын жаудан азат ету үшін соғысуға барған сапарында екі рет жекпе-жекке шығады. Бірінші жекпе-жек батыр мен оның сапарға шығуына себеп болған Қазан ханның арасында өтеді. Қырлы қаланың алты қабат орынан Бурылды қарғытып өткен батыр қырық мың қолымен соғысқа дайындалып отырған Қазанға кездесіп, ханның өзімен жекпе-жекке шығады.

Қазан қарсыласының қалың жауға жалғыз өзі жеке келген айтулы ер екенін түсініп, Қобыландыға тіл қатады. Бұл эпостық жырларда дәстүрге айналған. Өйткені «Дәстүр бойынша бірімен бірі кездескенде, жекпе-жекке шығар алдында батырлар сөзбен /диалог түрінде/ егеседі» [1, 259-б]. Батырлардың жекпе-жектің алдында жауды қорқытып-үркіту үшін сөзбен қағысу дәстүрі түркі тілді халықтардың эпикалық жырларында көп кездеседі [8, 98]. Міне, оның ең жарқын мысалдарының бірі де - осы «Қобыланды» жыры.

«Алатаудың қырғызы,
Кигенің ала қырмызы,
Ат сауырын басыпты,
Көп шабысты көргендей,
Атаңды сұрасам, кім деймін?
Анаңды сұрасам, кім деймін?...
Бурыл атты жас қырғыз,
Кімнің ұлы боласың?!
Атаңды сұрасам, кім деймін?
Анаңды сұрасам, кім деймін?
Батыр Қазан мен деймін,
Шын сөзіңмен кел деймін,
Қалжың сөзге көнбеймін,
Ашуыма жолықпай,
Бурыл ат пен ақ сауыт
Қол тигізбей бер деймін» [4,

104]. «Данишмен Гази» жырында да эпикалық жырларда қарсылас батырлардың кездескен кезінде бірі-біріне айбат көрсету дәстүрінің жалғастығын көреміз. Батырдың Артухимен кездесуі жырда былай суреттеледі: «Алыстан шаңдатып айбынды, ғажап кейіпті дәу бір кісі келеді. Ол өзінің орнында Мелик Данишментті көргенде, жынданып, қатты ақырып «Менің орнымда отырғаныңа қарағанда, менің қолымнан ажал табуға келгенге ұқсайсың. Әйтпесе менің айбынымнан қорыққаныңан бұл маңайға арыстандар жоламайды», - дейді» [10, 10].

Бұндай мотивтің типологиялық сипатқа ие екенін Алпамыс батыр туралы естігенде Қараман «Ашуланып, долданады», ашуы қысқаны соншалық: ол дірілдеп, қоспақ нардай түрілдейді. Ол жайды жырда;

«Әбден алды түйініп,
Лашын құстай құйылып,
Қабағы тастай түйіліп,

Жауатұғын бұлттай» [4, 30] деп эпикалық әсірелеу тәсілімен суреттелетіні де аңғартады.

«Данишменд Газиде» Артухи «жынданып, қатты ақырып» келсе, «Алпамыста» Қараман «айбатпенен айқайлап, жердің жүзін қуырып» келеді. Жау батыры қанша айбат шегіп, әруағын асырғысы келсе де, түріктің ұлы батыры одан қаймықпай, керісінше, жауын бірден ерлік майданына шақырады: «Мелик оның сөзін естігеннен кейін атына мінеді де, «Қандай өнерің бар екен, байқап көрейік», - дейді. Сол күні олар кезекпенен жүз жиырма рет шабуыл жасаса да, бірін-бірі ала алмайды. Кешке олар демалуға келісіп отырады. Сол кезде екеуі сөйлеседі. Ол жігіт Меликтің жейтін тамағы жоғын көріп, дастарханына шақырса да, Мелик: «Дәм-тұзыңды татып, ертең саған қару көтерсем, ол - бейопа адамның ісі. Мен ондай адам емеспін», - деп, оның ұсынысын қабыл алмайды. Ол жігіт Мелик Данишмендмен сөйлескенде, оның адамды баурап алатын сөздеріне риза болады. Меликтен «Осы жерге неге келдің?» - деп сұрайды. Мелик өзін таныстырып «Бұл жерлердің бәрін өзіме қаратып, мұсылман жұрты жасаймын», - дейді. Ол: «Сен жаман сиқыршы екенсің», - дегенде, Мелик: «Мен сиқыршы емеспін, мұсылманмын» - дейді. Мелик ол жігіттің атын сұраса да, ол: «Ертең айтам», - деп, сонда айтпай қояды да, қолына музыкалық аспабын алып, бір жағынан шерлі ғашықтық өлеңдерін айтып, бір жағынан да жылайды. Таңертен олар қайтадан қаруларын сайланып, аттарына мініп, майданға шығады. Бірақ қанша түрлі қарумен шабысса да, бірін-бірін тағы да ала алмайды. Одан күреске көшеді. Ол жігіт Меликті белбеуінен ұстап көтермек болады, бірақ үш рет оқталса да, орнынан еш қозғай алмайды. Бұл да «Қобыландыда» Қарлыға Қобыландыны алғашқыда оңай-ақ көтере салғанмен, кейін Қобыландыны орнынан қозғай алмағанына таң қалғанында, Қараманның оған айтқан сөзі:

«Пірі тайған мезгілде

Көтеріп келдің сен,
Қазіргі жатқан кезінде,

Көтере алмас ел», - [4, 113] деген сөзімен ұқсас болып келеді. Жалпы батырлардың Аллаға және пірлеріне сыйынғанындай Мелик те кезек өзіне келгенде «Алланың аты және Мухаммед ғ.с-ның пәк рухы үшін», - дейді де, оны оп-оңай аспанға көтере салып, жерге бір-ақ ұрады, кейін қанжарын суырып, басын кеспек болып кеудесіне мініп алады. Жігіт өз жанынан түңіліп, қатты қорқады да, Меликтен кешірім өтініп, өзінің сүйіктісі туралы айтып және басынан өткен бар жағдайды баяндап, егер сүйіктісін құтқаруға көмектессе, мұсылман болатынын айтады. Мелик оның сүйіктісін құтқаруға көмектесетініне уәде береді»[10, 11-13].

Жырда Қазанды өлтіргеннен кейін екіншіде Көбіктімен жекпе-жегі суреттеледі. Бұл жекпе-жегі /біз негізге алған мотив индексі бойынша/ жауға тұтқын болып сол тұтқындықтан босап еліне қайтар кезде болады. Және де біз үшін маңызды жекпе-жегі де - осы. Көбікті де өзінің туған халқына белгілі ерлерден болған. Көбіктіні атып немесе шауып өлтіру мүмкін емес. Оның өзіндік бір сыры бар және ол сырды оның қызы Қарлыға ғана біледі. Қарлыға Қобыландыға ғашық болып онымен кеткен соң әкесінің артынан келетінін біліп, ол сырды айтып береді:

«Көбіктінің үстінде
Тоғыз қабат ақ сауыт,
Шапсаң, қылыш кеспейді,
Атсаң, мылтық өтпейді.
«Оған қылар амалы:
Кіндігінің тұсында
Кем соғылған төрт көзі -
Жел соғарлық самалы.
Мерген болсаң, батырым,
Кіндікті байлап атпасаң,
Басыңа салар қараны»[4,

115]. Қобыланды Қарлығаның айтқанындай істейді. «Бір өзіңе сыйындым, жарылқаушы Құдайым», - деп арттарынан қуып келген Көбіктіні «нақ кіндіктің басы деп, қыз айтқан жердің тұсы деп, өлер жерің осы» деп, атады. Батырдың атқан оғы дәл тиюіне пірі мен Ғайып Ерен қырық шілтен де жәрдемдесіп, Көбіктіні аттан құлатады. Қобыланды Көбіктіні өлтіреді. «Жаныш, Байыш» жырында да батырлардың жау тұтқынынан босап еліне қайтарда шешуші жекпе-жекке шығуы және жаудың қалың қолымен шайқасуы суреттеледі. Байыш Белқысты ертіп Алакөлге келіп, үңгірден шыққан Жанышпен қосылып алғаннан кейін сол жерге олардың соңынан қуғыншы ретінде шыққан қалмақтың қалың қолы келгенде, батырлар саспастан: «Ажалымыз жетсе, өлерміз», - деп, соғысқа және соғыстың алдындағы жекпе-жекке дайындалады. Бұл туындының басқа жырлардан бір

айырмашылығы: жау жағынан бірінші болып Белқыстың әкесі Шұмұрұттың өзі жекпе-жеке шықса, батырлардың орнына оныменен жекпе-жекке Белқыс шығады. Белқыс екі бекке өзі бірінші болып жекпе-жекке шығатынын;

«Ажалым жетсе, өлөйүн,

Тоқтотпогун эки бек,

Бир беттешип көрөйүн»- деп айтады. Шұмұрұт Белқыстан қайтуын сұраса, Белқыс әкесінен мұсылман болуын сұрайды, бірақ әкесі оны қабылдамайды. Белқыс әкесін осында өлтіреді [11, 88-90]. Патшаларының өз қызының қолынан көз жұмғанын көрген қалың қалмақ қолы соғыспай, қаша бастайды. Жаныш пен Байыш Белқыспен қосылып қалмақтардың көбісін өлтіріп, қалғандарын тұтқынға алады. Тұтқындалғандардың ішінде батырларды алдап Алакөлге алып келген Желмаян да болады. Батырдың жау елінен алған жарының өзінің әкесіне, ағасына және шыққан елінің қалың қолына қарсы соғысуы тұрғысынан алғанда, «Жаныш, Байыш» жыры «Қобыланды», «Баттал Гази» «Данишменд Гази» және «Қорқыт ата кітабындағы» «Оғыз Қаңлы баласы Қан-Төрәлі жайындағы жыр» секілді эпикалық туындылармен үндеседі.

«Эр Табылды» жырында да батырдың жау жағының бас батырымен жекпе-жекке шығу сарыны кездеседі. Бірақ басқа жырлардан негізгі айырмашылығы: батырдың жау қолына тұтқында болып, бостандық алғаннан кейінгі дәстүрлі шешуші жекпе-жекке шығу сарыны осы жырда жоқ. Және де бас кейіпкер - Табылды осы сайыста басым түссе де, толық жеңіске жетіп, қалмақ ханы Чалқалмақты өлтіре алмайды. Бірақ Табылды оның бір уыс сақалын жұлып алып қорлайды. Жеңіліс тауып қашып қасына келген қалың қалмақ қолына ұрысқан Чалқалмаққа қалмақтың бір ақылман қарты «Эр Табылды сақалыңның бір уысын жұлып алып, сені ойыншыққа айналдырды. «Ұлы балуанмын!»- деп мақтанасын. Бірақ жас балуанды жеңе алмадың. Көп әскеріміз қырылып қалды. Бәріміз қырылмай, осы жерден кетейік» дейді. [13, 176-224]. Міне жекпе-жектің екі тарапқа да үлкен сын екенін осы жердегі Эр Табылдың өкінішінен және намыстануынан, ал Қалмақ жағынан да ақылман қарттың өзінің ханы болса да тартынбай Чалқалмақтың бетіне ойын емін-еркін айтып тастауынан да көріне түседі. «Баттал Гази» жырында батыр бірнеше рет жекпе-жекке шығады. «Қобыланды» да Қарлыға батырға әкесін өлтіру туралы ақыл берсе, інісі - Біршымбайды өзі айла қолдану арқылы өлтіреді. «Жаныш, Байышта» Байышқа ғашық болған Белқыс әкесі Шұмұрұтпен жекпе-жекке өзі шығып әкесін өлтіреді. Қорқыт ата жырларындағы «Оғыз Қаңлы баласы Қан-Төрәлі жайындағы жырда»да Қан-Төрәлінің жау елінен әкеле жатқан жары Сейілжан сұлу бірінші болып әкесі жіберген қалың қолға шабуыл жасайды. Өзіне тиесілі жауды жайратқан ол қайтып шатырына келмеген батырдың жау ортасында жарақаттанып, қиын жағдайда қалғанын көріп, жауға тағы да жау ортасында жарақаттанып, қиын жағдайда қалғанын көріп, жауға тағы да бөрідей тиіп, екеуі үлкен жеңіске жетеді [17, 80-81]. Түріктің халықтық

хикаясы - «Хуршит пен Махмихриде» де Хуршит сүйіктісін алып қашып бара жатқан жолда шаршап, сүйіктісі - Махмихридің тізесіне басын қойып ұйықтайды. Олардың артынан қуғыншы болып аттанған қалың қолды көрген Махмихри батырды оятуға қимай, амалсызлан қолына саз аспабын алып, жылап отырып тартып, оятады да, содан соң екеуі тізе қоса отырып қалың қолмен соғысып, оларды талқандайды [18, 76-77]. Осыған ұқсас оқиға Баттал Газидің алғашқы жары - Зейнеп Бануды Стамбулға алып қашып кеткен кайзердің баласы - Шеммастың артынан қуып барған сапарында қайталаанады. Қайзердің қызы - Махпейруз қырық күннен бері Батталды және пайғамбарымызды түсінде көріп, пайғамбарымыз оған мұсылман болып, Батталмен үйленетінін айтқаннан кейін ол мұсылман дінін қабылдап, Батталмен бірге қашып кетеді. Кайзер хабарды алғаннан кейін олардың артынан қалың қол жібереді. Қалың қолға кайзердің балалары - Шеммас, Константин және Рамини басшылық жасайды. «Жаныш-Байыштағы» Белқыс сияқты Махпейруз де батырдан бұрын жекпе-жекке шығып, ағалары Шеммас пен Константинді жарақаттап, інісі Раминиді үгітіне көндіру арқылы ислам дініне кіргізеді. Кейін олар - Баттал Гази, Зейнеп Бану, Рамини және Махпейруз - төртеуі қосылып, кайзердің қалың қолын талқандап, зор жеңіске жетеді [5, 80-81]. Бұдан шығатын қорытынды: эпостық жырларға тән белгілердің бірі - ел қамқоры батырлардың ең жақын досы әрі жары болып табылатын асқан сұлу болуының үстіне ержүрек батырлығымен, опалылығымен дараланатын әйелдер бейнесінің жасалуы. Ал, кейбір түркі-монғол халықтарының (бурят, т.б.) эпосында әйел қаһармандар батырлық жағынан ерлерден кем түспей, кейде басымдық танытатыны суреттеледі [19, 146].

«Данишменд Гази» жырында да батырдың жекпе-жекке жыққан сайыстарына өте мән беріле суреттеледі. Данишменд Газидің жекпе-жектері көп болса да, жаудың елінен қызды алып қайтардағы жекпе-жегін осында алғандықтан оған ғана тоқталамыз. «Данишменд Гази» жырының басқа жырлармен ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтары да барын көреміз. Ұқсастығы осы жекпе-жегі батырлардың жау елінен Эфрумиені алып қайтарда болғандығында. Біз қарастырып отырған осы мотив аясында батырлар /«Алпамыс», «Баттал Гази»/ шешуші жекпе-жекке шығып, жауын өлтіріп, оның қалың қолын талқандап, ол елді өзіне бағындырады. Ал, «Данишменд Гази» жырында батыр жаудың бір бегін, /Эфрумиенің әкесін, інілерін/ тұтқынға алып, қалың қолды жеңіліске ұшыратса да, жаудың негізгі бөлігі күресін әрі қарай жалғастырады, батырлардың да олармен күресі жалғасады.

Батыр жаудың өздерін қоршағанын көріп, жекпе-жекке бірінші болып өзі шығады. Ол жекпе-жектің алдында жауды қорқытып-үркіту [10, 98] және жау жағының көңіл күйін түсіру үшін өзін былайша мақтайды:

«Ол - Атақты сахипқыран,

Мелик Данишменд деген балуан, міне, менмін
Кәпір атаулың қырған менмін, ...
Ислам жұртының шеқарасын қорғаушы ер, міне, мен, ...
Мені қашып кетті деп артыма түсесіз.
Міне, ерлік қалай болар екен, көресіз.
Мен осы елдерді алуға келгенмін,

Сіз қызды ғана алып қашып кетуге келді деп ойлайсыз». Осылай айтқаннан кейін батырларша айбат шегіп, майданға шауып шығады [5, 23]. Қай халықтың болмасын, қаһармандық эпосы үлгілері батырлардың сансыз жауларын жеке өзі немесе қасындағы аз ғана жолдасымен бірге жеңуін суреттеу оларға тән тұрақты сарын болуымен ерекшеленеді. Мысалы, «Данишменд Гази» жырғында да жаудың бегі - Настор Меликті жекпе-жек ұрыста жеңу мүмкін еместігін біліп, барлық әскеріне Меликке бірге шабуыл жасауды бұйырады. Меликке достары - Артухи және Эфрумие көмекке келеді. Олар үшеуі қосылып жау әскеріне шабуыл жасайды. Олардың қырғынына шыдамаған жаудың қалың қолы қашады. Дәл сол кезде Эфрумиенің әкесі - Шах Шаттат он мың әскерімен Насторға көмекке келеді. Олар қайтадан бас қосқанда отыз мың кісі болады [10, 24]. Ертеңіне екі жақ майданда кездеседі. Эфрумие рұқсат алып, бірінші болып жекпе-жекке шығады да, өзіне қарсылас сұрайды. Кезегімен жекпе-жекке шыққан жиырма атақты балуанды қырады. Сол кезде Настор Эфрумиенің әкесі - Шаттатқа ашуланып: «Бұл сенен шыққан қыз қандай қыз? Соншама атақты балуандарымызды қырды. Осындай қызды дүниеге әкелгенің үшін тұқымың құрысын», - деп қарғайды [10, 41]. Осындай ауыр сөздерді естіген Шаттат таңданады. Мелик Эфрумиеге «Әкеңді ислам дінін қабылдауға шақыр», - дейді. Шаттат қызынан неге өзіне жау болғанын сұрағанда, ол: «Сен мені Артухиге қоспадың. Сол себепті», - деп жауап қайтарады. Артынан әкесіне: «Әке, сенен кешірім сұраймын және қолыңды бер, сүйейін», - дейді. Әкесі қолын созған кезде де оны алдап, қолынан ұстап, Меликке алып келеді. Мұны көрген Эфрумиенің ағасы - Рамини майданға шығып, оған шабуыл жасайды. Эфрумие оның шабуылын тойтарып, оны да ұстап алып, Меликке алып келеді. Настор осыдан кейін барлық әскеріне бірден шабуылға көшуге бұйрық береді. Жау жағына жан-жақтан көп көмек келсе де, алты күндік ұзақ соғыстан кейін батырлар жауды жеңіліске ұшыратады. Қорыта келе жекпе-жектің алдында немесе аяғында батырымыз жаудың қалың қолымен соғысады. Жаудың батыры, билеушісі қанша күшті және қолы қалың әрі көп болса да, батырларымыз олардан қорқу, қашу дегенді білмейді. Ондай мінез жауларға ғана тән болады [8, 85]. Батырдың ұзақ жылдар бойы жаудың терең зынданында жатып, кісі төзгісіз азап көріп, ақырында одан аман-есен шығып, жаудың мұздай қаруланған қалың қолымен көбіне жалғыз соғысуы және жаудың бас батырымен де жекпе -

Мелик Данишменд деген балуан, міне, менмін

Кәпір атаулын қырған менмін,...

Ислам жұртының шеқарасын қорғаушы ер, міне, мен,...

Мені қашып кетті деп артыма түсесіз.

Міне, ерлік қалай болар екен, көресіз.

Мен осы елдерді алуға келгенмін,

Сіз қызды ғана алып қашып кетуге келді деп ойлайсыз». Осылай айтқаннан кейін батырларша айбат шегіп, майданға шауып шығады [5, 23]. Қай халықтың болмасын, қаһармандық эпосы үлгілері батырлардың сансыз жауларын жеке өзі немесе қасындағы аз ғана жолдасымен бірге жеңуін суреттеу оларға тән тұрақты сарын болуымен ерекшеленеді. Мысалы, «Данишменд Гази» жырында да жаудың бегі - Настор Меликті жекпе-жек ұрыста жеңу мүмкін еместігін біліп, барлық әскеріне Меликке бірге шабуыл жасауды бұйырады. Меликке достары - Артухи және Эфрумие көмекке келеді. Олар үшеуі қосылып жау әскеріне шабуыл жасайды. Олардың қырғынына шыдамаған жаудың қалың қолы қашады. Дәл сол кезде Эфрумиенің әкесі - Шах Шаттат он мың әскерімен Насторға көмекке келеді. Олар қайтадан бас қосқанда отыз мың кісі болады [10, 24]. Ертеңіне екі жақ майданда кездеседі. Эфрумие рұқсат алып, бірінші болып жекпе-жекке шығады да, өзіне қарсылас сұрайды. Кезегімен жекпе-жекке шыққан жиырма атақты балуанды қырады. Сол кезде Настор Эфрумиенің әкесі - Шаттатқа ашуланып: «Бұл сенен шыққан қыз қандай қыз? Соншама атақты балуандарымызды қырды. Осындай қызды дүниеге әкелгенің үшін тұқымың кұрысын», - деп қарғайды [10, 41]. Осындай ауыр сөздерді естіген Шаттат қызымен ұрысуға өзі шығады. Эфрумие әкесінің шыққанын көріп, таңданады. Мелик Эфрумиеге «Әкеңді ислам дінін қабылдауға шақыр», - дейді. Шаттат қызынан неге өзіне жау болғанын сұрағанда, ол: «Сен мені Артухиге қоспадың. Сол себепті», - деп жауап қайтарады. Артынан әкесіне: «Әке, сенен кешірім сұраймын және қолыңды бер, сүйейін», - дейді. Әкесі қолын созған кезде де оны алдап, қолынан ұстап, Меликке алып келеді. Мұны көрген Эфрумиенің ағасы - Рамини майданға шығып, оған шабуыл жасайды. Эфрумие оның шабуылын тойтарып, оны да ұстап алып, Меликке алып келеді. Настор осыдан кейін барлық әскеріне бірден шабуылға көшуге бұйрық береді. Жау жағына жан-жақтан көп көмек келсе де, алты күндік ұзақ соғыстан кейін батырлар жауды жеңіліске ұшыратады. Қорыта келе жекпе-жектің алдында немесе аяғында батырымыз жаудың қалың қолымен соғысады. Жаудың батыры, билеушісі қанша күшті және қолы қалың әрі көп болса да, батырларымыз олардан қорқу, қашу дегенді білмейді. Ондай мінез жауларға ғана тән болады [8, 85]. Батырдың ұзақ жылдар бойы жаудың терең зынданында жатып, кісі төзгісіз азап көріп, ақырында одан аман-есен шығып, жаудың мұздай қаруланған қалың қолымен көбіне жалғыз соғысуы және жаудың бас батырымен де жекпе -

жекке шығуы, таудай биік бекіністерінен тоқталмай өтуі және бұлардың барлығының да жырларда ерекше ұлғайтылып суреттелуі - батыр бейнесін сомдау мақсатымен жасалған әрекеттер. Осындай шайқастардың нәтижесінде батыр бейнесі ұлғайту мен әсірелеудің ең биік шыңына көтеріледі. Ал, бұл, байыптай түссек, мінсіздендірудің асқақ үлгісі болып шығады» [1, 274-275]. Елге қайтардың алдындағы осы жекпе-жек - ұзақ жылдар бойына жау зынданында жатып, әбден азап көрген батырдың кегін қайтарар мезгілі. «Алпамыс», «Қобыланды» және «Жаныш, Байыш» жырларында батырлар осындай шешуші жекпе-жекке шығып, жауынан біржола құтылса, «Эр Табылды» жырында батырдың жау қолында тұтқын болмағанына байланысты, ал, «Баттал Гази» жырында жаудың қисапсыз көп болуына және кайзердің өзі, оның көптеген бектері, батырлары қайтыс болып, оңбай жеңілсе де, олардың қайта-қайта қалың қол жинап келуіне байланысты соғыс біржола аяқталмайды. «Данишменд Гази» жырында бас қаһарман жау жағының бектерін тұтқынға алса да, жау әскерінің қалған бөлігі күресті жалғастырады, яғни, батыр жауларынан біржола құтыла алмайды. Демек, батырдың да күресі жалғасады деген сөз. Жалпы біз қарастырған жырларда айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтардың көбірек болғаны - баса көңіл бөлуге тұрарлық құбылыс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1- Ш..Ыбыраев.Эпос әлемі Алматы-1993
- 2- Özkul Çobanoğlu. Türk Dünyası Epik Destan Geleneği. Ankara-2003
- 3- Бабалар Сөзі. 47 том.- Астана, 2006.
- 4- Төрт Батыр. Алматы-1990
- 5- Necati Demir , Mehmet Dursun Erdem , Battal Gazi Destanı. Ankara-2006
- 6- Мырзатай Жолдасбеков. Асыл Арналар.- Алматы: 1990
- 7- Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том.- Алматы: 2008
- 8- Суванбеков Ж., Кыргыз элинин Баатырдык Эпостору, Фрунзе-1970,
- 9- Оразгүл Нұрмағамбетова. Қазақтың қаһармандық эпосы “Қобыланды батыр”. Алматы, 2003.
- 10- Necati Demir. Danişmend-Name. Harvard Üniversitesi Yayınları-2002
- 11- Жаныш-Байыш.- Бишкек, 2002
- 12- Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос:- Ленинград, 1974
- Шырдакбек, Эр Табылды.- Бишкек, 2002
- 17- Қорқыт Ата Кітабы. Алматы-1986
- 18- Pertev Naili, Köroğlu Destanı. İstanbul 1931
- 19- Кузмина Е. Н. Женские образы в героическом эпосе бурятского народа. Новосибирск, 1980
- 20- Мукасов М. Жаныш, Байыш эпосунун поэтикасы.- Бишкек, 1999

Резюме

Мақалада түркі халықтарына ортақ эпикалық жырлардағы үлкен соғыстың алдында батырлардың жаумен жекпе-жекке шығу дәстүрі қарастырылған.

Сонымен қатар, мұндай дәстүрлі мотивтердің маңыздылығын автор батыр тұлғасын мінсіздендіру мақсатында қолданылған деген тұжырым жасайды.

Резюме

В данной статье рассматривается дуэль батыров перед основным сражением. Автор статьи подчеркивает, что ситуация, традиционно встречающаяся в эпических поэмах, создаётся для утверждения безупречности батыров. Выдвинутая концепция анализируется на материале отдельно взятых эпических текстов.

Resume

In the article the pre-battle duel between 2 warriors is investigated. The author claims that the situation which occurs in the epics is created to underline the warriors' perfection. The conception is analyzed on the basis of separate epic excerpts.

Йенер УНАЛ

Сүлеймен Демирел

атындағы университет докторанты

MEHMET AKİF ERSOY'UN ESERLERİNDE TÜRK TOPLUMUNUN PROBLEMLERİ VE ÇÖZÜM YOLLARI

Mehmet Âkif Ersoy, Cumhuriyet döneminde hakkında en fazla kitap ve makale yazılan şairlerimizdendir. Âkif, eserleriyle, şahsiyetiyle en çok araştırılan şair ünvanını hakkıyla kazanmıştır. Türk halkın en kötü zamanlarında, halkın yanında olmuş cemiyete her zaman iman ve azim vermiştir. Sanatını toplum için kullanarak, her durumda toplumun menfaatlerini gözetmiştir. Karakterinden taviz vermeyen yapısıyla Türk toplumuna rehber olmuştur.

“Safahat”ı okuduğunuzda Türk toplumunun Meşrutiyet ve Cumhuriyet yıllarında içinde bulunduğu sosyal, siyasi, kültürel, durumu görürsünüz. Âkif, eserleriyle toplumun aksayan yönlerini eleştirel bir bakışla cemiyete göstermiş ve bu aksayan yönlerin nasıl çözüleceğini de vermiştir.

Mehmet Âkif Ersoy'un Türk toplumunda ve edebiyatında diğer şair ve yazarlara nazaran apayrı bir yeri ve önem vardır. Âkif'e bu farklılığı veren en büyük özelliklerinden biri, onun yeni kurulan Türk devletinin milli marşını kaleme almasıdır. 12 Mart 1921 tarihinde Türkiye Büyük Millet Meclisi kararı ile Âkif'in şiiri “İstiklâl Marşı” olarak kabul edilmiştir. Bu mars Türk milletinin yaşam gayesini anlattığı milli bir yemindir.

Bir ulusun milli marşını yazabilen şair, içinde yaşadığı toplumun maddi ve manevi değerlerini kendi benliğiyle bütünleştiren bir şahsiyettir. Mehmet Âkif Ersoy'un doğduğu, yetiştiği yıllar Türk halkının buhranlı dönemleridir. Bu dönemde Türk halkı I. Dünya Savaşı, Balkan Savaşları, Kurtuluş Savaşları gibi